

## ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ БАҒДАРЛАРЫ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

АМАНИЯЗОВА Б.А. 

Аманиязова Бағдагүл Айтбайқызы - Гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: [bagdagul-1977@mail.ru](mailto:bagdagul-1977@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

**Андатпа.** Бұл мақала қазіргі жаһандану, цифрландыру және әлеуметтік дамудың жеделдеуі жағдайында жастардың дүниетанымдық бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін философиялық тұрғыдан талдауға арналған. Жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде қоғамдағы экономикалық, саяси және мәдени өзгерістерге аса сезімтал болып келеді, сол себепті олардың құндылықтар жүйесі мен өмірлік ұстанымдары әлеуметтік трансформациялармен тікелей байланыста қалыптасады. Зерттеуде дүниетаным жеке тұлғаның әлемге, қоғамға және ондағы өз орнына қатысты көзқарастарының тұтас жүйесі ретінде қарастырылады. Әсіресе цифрлық медиа, жаңа коммуникациялық формалар мен виртуалды кеңістіктің жастар санасы мен құндылықтық бағдарларына әсеріне ерекше назар аударылады. Мақалада жастық шақтың әлеуметтік-философиялық мәні, «жастар» ұғымының әртүрлі теориялық түсіндірмелері және дүниетанымның аксиологиялық қырлары жүйелі түрде талданады. Зерттеу нәтижелері қазіргі жастар дүниетанымның синтетикалық сипатта екенін, яғни дәстүрлі гуманистік құндылықтар мен заманауи цифрлық мәдениеттің ықпалы тоғысқан күрделі феномен екенін көрсетеді. Автор жастардың дүниетанымдық бағдарларын қалыптастыруда білім беру, мәдениет және медианың шешуші рөлін атап өтеді.

Мақаланың мақсаты - жастардың дүниетанымдық бағдарларын философиялық тұрғыдан талдау және цифрлық қоғам жағдайында олардың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды айқындау.

**Түйін сөздер:** жастар, дүниетаным, құндылықтар, цифрлық медиа, жаһандану, философиялық талдау.

### Кіріспе

Жаһандану, цифрландыру және әлеуметтік дамудың жеделдеуі жағдайында қазіргі жастардың дүниетанымдық бағдарларының қалыптасу мәселесі ерекше өзекті. Жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде экономикалық, саяси және мәдени саладағы өзгерістерге аса сезімтал келеді, бұл олардың құндылықтар жүйесіне, өмірлік ұстанымдары мен стратегияларына тікелей ықпал етеді. ХХІ ғасырда дәстүрлі дүниетанымдық модельдер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, бұқаралық мәдениеттің және әлеуметтік коммуникацияның жаңа формаларының, ең алдымен цифрлық медианың әсерінен елеулі трансформацияға ұшырап отыр. Цифрлық медиа білімнің, әлеуметтік нормалар мен символдық мағыналардың негізгі көзіне айналып отыр.

Бұл мәселенің өзектілігі - жастардың дүниетанымдық бағдарларының қоғамның әлеуметтік тұрақтығына, азаматтық белсендігіне және орнықты дамуына тікелей ықпал ету. Жас буынның құндылықтары, өмірлік мақсаттары мен әлеуметтік сәйкестігі олардың қоғамдық мінез-құлқының сипатын, жауапкершілік деңгейін және қоғамдық үдерістерге қатысу дәрежесін айқындайды. Ақпарат кеңістігінің фрагментарлығы мен виртуал шындықтың ықпалы күшейгенде әлеуметтік құбылыстарды үстірт қабылдау, сыни ойлаудың әлсіреуі және құндылықтық дезориентация қаупі артып отыр.

Зерттеудің ғылыми маңызы - қазіргі жастар дүниетанымның трансформациясын философиялық тұрғыдан пайымдау, оның ішкі қайшылықтары мен даму үрдістерін анықтау. Дүниетанымдық бағдарларды талдау жастардың жылдам өзгеріп жатқан әлеуметтік жағдайларға бейімделу тетіктерін, сондай-ақ бұл үдерістегі мәдениет, білім беру және медианың рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты - жастардың дүниетанымдық бағдарларын философиялық тұрғыдан

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences талдау және цифрлық қоғам жағдайында олардың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды айқындау.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Дүниетанымды философиялық тұрғыдан пайымдау классикалық және заманауи әлеуметтік философияның, аксиологияның және мәдениет философиясының идеяларына негізделеді. Дүниетаным адамның әлемге, қоғамға және ондағы өз орнына қатысты көзқарастарының тұтас жүйесі ретінде қарастырылады. Ол құндылықтық бағдарларды, идеалдарды, нормаларды, сенімдер мен мінез-құлық үлгілерін қамти отырып, тұлғаның әлеуметтік шындықты қабылдау және оған қатысу тәсілдерін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда дүниетаным тек теориялық көзқарастар жиынтығы емес, адамның практикалық әрекетінің, өмірлік таңдаулары мен әлеуметтік жауапкершілігінің негізі.

Зерттеу аясында цифрлық ортаның, жаңа медианың және виртуалды коммуникацияның жеке тұлғаның санасы мен құндылықтық бағдарларын қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударылды. Цифрлық кеңістік дүниетанымның қалыптасу үдерісін жеделдетіп қана қоймай, оны күрделендіріп жіберді.

Зерттеудің әдістемелік негізін философиялық талдаудың жалпы ғылыми және арнайы әдістері құрайды. Атап айтқанда, талдау мен синтез әдістері дүниетаным құрылымының негізгі элементтерін айқындауға мүмкіндік берсе, салыстырмалы әдіс әртүрлі философиялық тұжырымдамалар мен көзқарастарды өзара салыстыра талдауға бағытталды. Ал интерпретативтік әдіс жастардың дүниетанымдық бағдарларын әлеуметтік-мәдени контексте түсіндіруге, олардың мәндік қырларын ашуға мүмкіндік береді. Бұл әдістердің жиынтығы қазіргі жастардың дүниетанымын кешенді әрі жүйелі түрде зерделеуге жағдай жасайды.

### **Нәтижелер және оларды талқылау**

Қазіргі жастардың дүниетанымдық бағдарларын талдау олардың әлеуметтік, психологиялық және философиялық аспектілерінің өзара байланысын көрсетеді. Жастар дүниетанымы тек теориялық концепция немесе құндылықтар жүйесі емес, олардың әлеуметтік тәжірибесі, кәсіби және жеке мақсаттары, сондай-ақ мәдениет пен технологияны қабылдау тәсілімен тығыз байланысты динамикалық феномен.

Әрбір адамның өмірлік циклі бірнеше кезеңдерден тұрады: туу, балалық шақ, жастық кезең, ересектік, қарттық және өлім. Жастық шақ - балалық пен ересек арасындағы аралық кезең, ол биологиялық тұрғыдан индивидтің жыныстық жетілуінің аяқталуымен, ал әлеуметтік тұрғыдан өмірлік өзін-өзі анықтау қажеттігімен және дербестікке қол жеткізумен сипатталады.

Өмірлік циклдің кезеңі ретінде жастық шақ биологиялық тұрғыдан әмбебап болғанымен, оның нақты жас шекаралары, соған байланысты әлеуметтік мәртебе және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер әлеуметтік-тарихи сипаты бар және қоғамның әлеуметтік құрылымына, мәдениетіне, сондай-ақ осы қоғамға тән әлеуметтену заңдылықтарына тәуелді.

Мәселен, И.М. Ильинскийдің пікірінше, мысалы, 20 жасқа толған индивидтің қай жас категориясына жататынын нақты айқындау қиын. Объектив шындық кейбір адамдардың 13–14 жасында еңбекке араласатынын, ал басқаларының 30 жасқа дейін оқуын жалғастыратынын көрсетеді, біреулер 13–14 жасында дербес болса, енді біреулері 30 жасында да ата-анасының қамқорлығында болады және т.б. [1, 35].

Өмірлік циклдің жас кезеңі ретінде жастық шақпен жастар ұғымы тығыз байланысты. Жастарға бірқатар парадигмалық қағидалар тән:

- жастарды әлеуметтік қауымдастық, өзіндік мәдени қосалқы жүйе (жастар субмәдениеті және т.б.) ретінде қарастыруға болады;
- жастардың өмір ағынында әлеуметтенудің ықпалынан қалыптасатын ортақ өмірлік жағдаяттарды, мінез-құлық пен сананың ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады;
- жастар ортасында ішкі дифференция сипаты бар екенін мойындау қажет.

«Жастық шақ» және «жастар» феномендерін жан-жақты әрі терең талдауға көптеген іргелі еңбектер, монографиялар, ғылыми мақалалар және қолданбалы зерттеулер арналған, олардың нәтижелері ғылыми және мерзімді басылымдарда жарияланған.

Жастар социологиясының негізгі психоаналитикалық, құрылымдық-функционалдық, мәдениеттану аясында бұл феномендерді анықтаудың келесі тәсілдері қалыптасты:

– психофизиологиялық тәсіл – жастық шақ адамның жыныстық жетілуі мен толық кемелденуі арасындағы тұлғалық даму кезеңі;

– әлеуметтік-психологиялық тәсіл – жастар өзіне тән биологиялық және психологиялық қатынастары бар ерекше жас кезеңі, соған сәйкес жас тобының барлық ерекшеліктерін қамтиды;

– қақтығыс тәсіл – жастық шақ «күрделі, күйзелістерге толы және аса маңызды өмір кезеңі», «индивид пен қоғам арасындағы созылмалы қақтығыс», «адам дамуының проблемалық сатысы»;

– рөлдік тәсіл – жастық шақ адамдардың мінез-құлқындағы ерекше кезең: олар енді бала рөлін атқармайды, бірақ ересек адамның толыққанды әлеуметтік рөлдерін де әлі атқара алмайды;

– субмәдениеттік тәсіл – жастар өзіндік өмір салты, мінез-құлық стилі, мәдени нормалар мен құндылықтар бар ерекше топ;

– стратификациялық тәсіл – жастар жас шекараларымен айқындалатын, өзіне тән әлеуметтік позициялары, мәртебесі мен рөлдері бар ерекше әлеуметтік-демографиялық топ;

– әлеуметтену тәсілі – жастық шақ әлеуметтік өсу мен бастапқы әлеуметтену кезеңі. Жастықтың басты мақсаты – өзін-өзі анықтау мен тұлғалық даралану. Бұл жаста индивидуалдылық сезімі қарқынды дамиды;

– аксиологиялық (құндылықтық) тәсіл – жастық шақ адам өмірлік циклінің әлеуметтік тұрғыдан маңызды әрі мәнді кезеңі;

– субъективтік тәсіл – жастық шақ ерекше дүниетаным, болашаққа ұмтылыс, оптимизм, өмірсүйгіштік, белсенділікке құштарлық, нақты жасына қарамастан өзін жас сезіну;

– процессуалдық тәсіл – жастар әлі аяқталмаған, толық интеграцияланбаған, қалыптасу және даму үдерісіндегі адамдар [1, 35-36].

«Жастар» ұғымына алғашқылардың бірі боп анықтаманы 1968 жылы В.Т. Лисовский берген. «Жастар - әлеуметтену сатысынан өтіп жатқан, білім беру, кәсіби, мәдени және өзге де әлеуметтік функцияларды меңгеріп жатқан, ал неғұрлым кемел жасқа жеткен кезеңде оларды толық меңгеріп болған ұрпақ; нақты тарихи жағдайларға байланысты жастардың жас мөлшері 16 жастан 30 жасқа дейін ауытқуы мүмкін» [2, 18].

Кейінірек бұл ұғымға И.С. Кон: «Жастық шақ өмірлік циклдің белгілі бір кезеңі, биологиялық тұрғыдан әмбебап құбылыс болғанымен, оның нақты жас шекаралары, онымен байланысты әлеуметтік мәртебе мен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер әлеуметтік-тарихи сипатқа ие және қоғамның қоғамдық құрылымына, мәдениетіне, сондай-ақ осы қоғамға тән әлеуметтену заңдылықтарына тәуелді» [3, 10] деп анықтама береді.

Философиялық тұрғыдан қарағанда, дүниетаным – бұл жеке адамның өз орнын, рөлін және міндетін түсінуі, өмірлік құндылықтарын қалыптастыруы, сондай-ақ қоғам мен табиғатқа қатысты көзқарасын білдіретін жүйелік категория. Жастардың дүниетанымы олардың психологиялық және әлеуметтік өсуімен, мәдениет пен білім алу тәжірибесімен байланыста қалыптасады. Бұл тұрғыда білім тек ақпараттық ресурс емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени капиталының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қызмет етеді.

Философиялық тұрғыдан алғанда, қазіргі жастардың дүниетанымы синтетикалық сипатта: бір жағынан, ол дәстүрлі гуманистік құндылықтарға сүйенеді, екінші жағынан, ақпараттық технологиялардың, жеке жетістіктің және заманауи әлеуметтік нормалардың ықпалында қалыптасады. Бұл жағдай жастардың өз әлеуетін толық іске асыруға, сонымен қатар қоғамдағы өз орындарын табуға ұмтылысын айқындайды.

Сонымен қатар цифрландыру тек ақпарат алу көзі емес, ол когнитивті процестерді өзгертіп

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences жатырғанын айтуымыз керек. Мысалы ақпараттың тым көптігі мен жылдамдығы жастарда «клиптік ойлауды» (үзінді, фрагментарлы қабылдау) қалыптастырып үлгерді.

Бұл мәселенің философиялық шешімі - жастардың дүниетанымында «желілік интеллект» дамиды. Яғни, білімді жаттап алу емес, қажетті ақпаратты жылдам тауып, оны синтездеу қабілеті бірінші орынға шығады. Бұл – дүниетанымның жаңа «технологиялық-экзистенциал» деңгейі.

Тағы бір мәселе - жаһандық сәйкестік пен Ұлттық кодтың синтезі. Жаһандану жағдайында жастардың дүниетанымындағы «Global + Local» процесін атап өткен жөн. Жастар өздерін «әлем азаматы» (космополит) деп сезінумен бірге өздерінің ұлттық мәдени бірегейлігін сақтауға немесе оны заманауи трендтермен (мысалы, этно-модерн, ұлттық құндылықтарды цифрлық форматта насихаттау) ұштастыруға тырысады. Бұл – дәстүр мен инновацияның қақтығысы емес, олардың жаңаша үйлесімі.

Қазір ғылымда «Префигуративті мәдениет» феномені деген ұғым бар. Маргарет Мид - атақты америкалық антрополог, этнограф және мәдениет зерттеуші. Ол өз зерттеулерінде мәдениеттің тұлғаның қалыптасуына, жыныстық ерекшеліктерге және ұрпақтар арасындағы қарым-қатынасқа қалай әсер ететінін зерттеген. Префигуративті мәдениет - Маргарет Мидтің ең маңызды болжамы. Мұнда үлкендер жастардан үйренеді. Қағидасы: «Болашақ белгісіз, бірақ оны жастар жақсырақ сезінеді» [4]. Технологиялық дамудың қарқыны соншалық жоғары, ересектердің тәжірибесі бүгінгі күннің мәселелерін шешуге жарамай қалады. Жастар цифрлық әлемде, жаңа ақпараттық кеңістікте еркін жүзеді. Бұл жағдайда дәстүрлі «ұстаз-шәкірт» иерархиясы бұзылып, ересектер жастардың жанашылдығына, икемділігіне мұқтаж болады. Философиялық тұрғыдан бұл маңызды. Бұл жастардың дүниетанымында өзіне деген сенімділікті арттырып, оларды «болашақтың объектісі» емес, «бүгіннің субъектісі» ретінде қалыптастырады.

Сонымен қатар, қазіргі жастардың дүниетанымында «когнитивті еркіндік» пен «цифрлық гуманизм» ұғымдары алдыңғы қатарға шығып отыр. Ақпарат заманында жас буын тек тұтынушы емес, мазмұнды жасаушы ретінде көрінеді. Бұл олардың бойында сыни тұрғыдан бағалау мен этикалық таңдау жасау қабілетінің жаңа формаларын қалыптастыруды талап етеді. Дүниетанымдық бағдарлар енді тек өткеннің мұрасымен шектелмейді, ол болашақты болжау мен виртуал және шынайы шындықтың арасындағы тепе-теңдікті табу өнеріне айналып отыр.

Қазіргі жастардың дүниетанымдық бағдарларын талдау барысында цифрлық ортаның тек ақпараттық құрал емес, жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастырушы кеңістік екенін ескеру қажет. Бұл тұрғыда үш негізгі аспектіні бөліп көрсетуге болады:

1. Цифрлық этика және жауапкершілік мәдениеті. Жастардың дүниетанымында цифрлық этика ұғымы іргелі орын ала бастады. Виртуал кеңістік тек еркіндік алаңы емес, сонымен бірге моральдық таңдау жасау аймағына айналды. Желідегі мінез-құлық, кибербуллингке төзбеу, авторлық құқықты құрметтеу және жеке деректерге қол сұқпау секілді мәселелер жас буынның этикалық бағдарларының өзегін құрайды. Бұл – жауапкершіліктің жаңа формасы, яғни адамның өз іс-әрекетінің цифрлық ізін сезінуі және оның қоғамдық салдарына философиялық тұрғыдан баға беруі [5].

2. Әлеуметтік капитал: «Лайк» мәдениетінен «ықпал ету» деңгейіне көшу. Әлеуметтік аспектіде жастардың дүниетанымы мақұлдау іздеудің қарапайым формасынан («лайк» жинау) ықпал ету мәдениетіне қарай трансформацияланып жатыр. Қазіргі жастар үшін әлеуметтік капитал тек танымалдық емес, ол – қоғамдық пікірге әсер ету, маңызды әлеуметтік мәселелерді көтеру және виртуал қауымдастықтарды ортақ игілікке жұмылдыру мүмкіндігі. Бұл бағыт жастардың өзіндік «менін» әлеуметтік пайда тұрғысынан қайта қарауына, цифрлық коммуникацияны азаматтық белсендіктің құралы деп қабылдауына ықпал етеді.

3. Экзистенциалды ізденіс және цифрлық гуманизм. Жасанды интеллект пен автоматтандыру дәуірінде жастардың алдында жаңа экзистенциал сұрақ туындайды: «Технология адамның функцияларын алмастырып жатқанда, адамның бірегейлігі неде?». Бұл сауал жастарды

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences машина алгоритмдеріне тән емес қасиеттерді – эмпатияны, шығармашылықты, сыни ойлауды және еркін ерікті бағалауға жетелейді [6]. Осылайша, жастар дүниетанымында «цифрлық гуманизм» қалыптасады. Ол технологияны адамға қызмет ететін құрал деп қарастырып, тұлғаның ішкі рухани еркіндігі мен өзіндік бірегейлігін сақтауды басты мақсат етіп қояды.

Түйіндей келгенде, бұл бағыттар қазіргі жастардың тек «цифрлық көшпенділер» ғана емес, сонымен бірге жаңа технологиялық шындықты этикалық және мағыналық тұрғыдан игеруші интеллектіуал буын екенін айқындайды. Олардың дүниетанымы прагматикалық тиімдік пен жоғары гуманистік идеалдардың синтезінен тұратын жаңа әлеуметтік-философиялық модельді құрайды.

### **Қорытынды**

Жүргізілген философиялық-теориялық талдау қазіргі жастардың дүниетанымдық бағдарлары жаһандану, цифрландыру және әлеуметтік дамудың жеделдеуі жағдайында көпқабатты, динамикалық және ішкі қайшылықтарға толы феномен ретінде қалыптасып отырғанын көрсетеді. Жастар дүниетанымы биологиялық жас ерекшеліктерімен ғана емес, ең алдымен әлеуметтік-мәдени орта, білім беру жүйесі, медиа кеңістік және құндылықтық трансформациялармен тығыз байланыста айқындалады.

Зерттеу нәтижелері жастардың дүниетанымы дәстүрлі гуманистік құндылықтар мен заманауи цифрлық мәдениеттің ықпалы тоғысқан синтетикалық сипатта екенін дәлелдейді. Бір жағынан, жастар әлеуметтік жауапкершілікке, өзін-өзі жүзеге асыруға және қоғамдық өмірге белсенді қатысуға ұмтылады; екінші жағынан, ақпараттық кеңістіктің фрагментарлығы, виртуал коммуникацияның басымдығы және бұқаралық мәдениеттің ықпалы дүниетанымның үстірттенуі, құндылықтық бағдарлардың тұрақсыздығы сияқты тәуекелдерді күшейтеді.

Философиялық тұрғыдан алғанда, дүниетаным жастар үшін тек теориялық көзқарастар жиынтығы емес, олардың өмірлік таңдауларын, әлеуметтік мінез-құлқын және болашақ стратегияларын айқындайтын практикалық негіз. Осы тұрғыда білім беру, мәдениет және цифрлық медиа жастардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Аталған институттардың ықпалы жастардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға және тұрақты дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Қорытындылай келе, қазіргі жастардың дүниетанымдық бағдарларын философиялық тұрғыдан зерделеу қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы мен орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты. Жастардың дүниетанымын кешенді түрде түсіну олардың әлеуетін тиімді іске асыруға, азаматтық белсенділігін арттыруға және цифрлық қоғам жағдайында мәнді әрі жауапты өмірлік бағдарларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Лупандин В. Н. Социология молодежи: учебное пособие. – Орёл, 2011. – 238 с.
2. Социология молодежи / под ред. В. Т. Лисовского. – Санкт-Петербург: Изд-во СПбГУ, 1996. – 256 с.
3. Кон И. С. Психология юношеского возраста: проблемы формирования личности. – Москва: Просвещение, 1979. – 175 с.
4. Saparova D., Kanagatova A. The prefigurative culture of Margaret Mead or the eternal problem of generation gap [Electronic resource]. – URL: <https://bulletin-religious.kaznu.kz/index.php/relig/article/view/186/173> (date of request: 09.02.2026).
5. Бурнашев Р.Ф. Философские аспекты цифровой этики в эпоху технологического прогресса // Universum: общественные науки : электрон. научн. журн. 2023. 12(103). URL: <https://7universum.com/ru/social/archive/item/16461>
6. Белобрагина А.С. Цифровой гуманизм: между апологией и критикой философской

### References

1. Lupandin V. N. Sociologija molodjzhi : uchebnoe posobie. – Orjol, 2011. – 238 s.
2. Sociologija molodezhi / pod red. V. T. Lisovskogo. – Sankt-Peterburg: Izd-vo SPbGU, 1996. – 256 s.
3. Kon I. S. Psihologija junosheskogo vozrasta : problemy formirovaniya lichnosti. – Moskva: Prosveshhenie, 1979. – 175 s.
4. Saparova D., Kanagatova A. The prefigurative culture of Margaret Mead or the eternal problem of generation gap [Electronic resource]. – URL: <https://bulletin-religious.kaznu.kz/index.php/relig/article/view/186/173> (date of request: 09.02.2026).
5. Burnashev R.F. Filosofskie aspekty cifrovoj etiki v epohu tekhnologicheskogo progressa // Universum: obshchestvennye nauki : elektron. nauchn. zhurn. 2023. 12(103). URL: <https://7universum.com/ru/social/archive/item/16461>
6. Belobragina A.S. Cifrovoj gumanizm:mezhdru apologiej i kritikoj filosofskoj koncepcii // Filosofiya i kul'tura. 2025. № 9. DOI: [10.7256/2454-0757.2025.9.75779](https://doi.org/10.7256/2454-0757.2025.9.75779) EDN:YROXSX URL: [https://nbpublish.com/library\\_read\\_article.php?id=75779](https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=75779)

## МИРОВОЗРЕНЧЕСКИЕ ОРИЕНТИРЫ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ: ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ

АМАНИЯЗОВА Б.А. 

Аманиязова Бағдағұл Айтбайқызы - Магистр гуманитарных наук, преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан

E-mail: [bagdagul-1977@mail.ru](mailto:bagdagul-1977@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

**Аннотация.** Статья посвящена философскому анализу формирования мировоззренческих ориентиров современной молодежи в условиях глобализации, цифровизации и ускоренного социального развития. Молодежь как особая социально-демографическая группа наиболее чувствительна к трансформациям в экономической, политической и культурной сферах, что непосредственно отражается на ее системе ценностей, жизненных установках и стратегиях поведения. В исследовании мировоззрение рассматривается как целостная система взглядов личности на мир, общество и собственное место в нем, включающая ценностные ориентации, нормы, идеалы и модели поведения. Особое внимание уделяется роли цифровой среды, новых медиа и виртуальной коммуникации в процессе формирования сознания и ценностных установок молодежи. В статье анализируются философские и социологические подходы к пониманию феномена молодежи, а также аксиологические аспекты мировоззрения. Результаты исследования показывают, что мировоззрение современной молодежи носит синтетический характер, сочетая традиционные гуманистические ценности с влиянием цифровой культуры и информационных технологий. Делается вывод о ключевой роли образования, культуры и медиа в формировании устойчивых мировоззренческих ориентиров молодежи и обеспечении социальной стабильности общества.

**Ключевые слова:** молодежь, мировоззрение, ценности, цифровые медиа, глобализация, философский анализ.

## WORLDVIEW ORIENTATIONS OF CONTEMPORARY YOUTH: A PHILOSOPHICAL ANALYSIS

AMANIYAZOVA B.A. 

Amaniyazova Bagdagul Aitbaykyzy - Master of arts, teacher, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan  
E-mail: [bagdagul-1977@mail.ru](mailto:bagdagul-1977@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

**Abstract.** This article presents a philosophical analysis of the formation of worldview orientations of contemporary

youth in the context of globalization, digitalization, and accelerated social development. Youth, as a specific socio-demographic group, is particularly sensitive to economic, political, and cultural transformations, which directly influence their value system, life goals, and behavioral strategies. The study conceptualizes worldview as an integral system of individual perceptions of the world, society, and one's place within it, encompassing values, norms, ideals, beliefs, and patterns of social behavior. Special attention is given to the role of digital media, new forms of communication, and virtual environments in shaping the consciousness and value orientations of young people. The article examines key philosophical and sociological approaches to understanding youth as a social phenomenon and analyzes the axiological dimensions of worldview formation. The findings demonstrate that the worldview of modern youth is characterized by a synthetic nature, combining traditional humanistic values with the influence of digital culture, information technologies, and contemporary social norms. The study emphasizes the crucial role of education, culture, and media in fostering critical thinking, social responsibility, and stable worldview orientations among youth in the digital society.

**Key words:** youth, worldview, values, digital media, globalization, philosophical analysis.